ҒТАМР 03.09.55 https://doi.org/10.26577/JH120120269

**Р.С. Мырзабекова[1]*, Д.М. Махмадинов[2]**

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан
*e-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

# КЕҢЕС ЛАГЕРЛЕРІНДЕГІ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ НЕМІС ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАРЫ: САЯСИ АСТАРЫ ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ШЫНДЫҚ

Мақала Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарын ұстаудың заңдық астарларын, ерекшеліктерін, қиындықтары мен тұтқынның күнделікті өмірін, лагерь өміріне икемделуі мен кеңестік доктриналарды қабылдауын неміс соғыс тұтқындарының мысалында көрсету мақсатын көздейді.

Мақала тарих, құқықтану, әлеуметтану ғылымдарының пәнаралық түйісінде жазылды. Сондықтан, зерттеудің методологиялық негізін тарих, құқықтану, әлеуметтану ғылымдарының тәсілдері құрады. Пәнаралық тәсілдермен қатар, ретроспективті, мәселелік, хронологиялық, биография, дискурстік талдау, просопография, антропологиялық тәсілдер мақала тақырыбын зерттеуге мүмкіндік берді.

Мақалада батыс ғалымдарының, соның ішінде, неміс тарихшыларының зерттеулері мен КСРО лагерлерінде тұтқынында болған әскерилердің мемуарлық естеліктері негізінде адамның тұтқын рөлінде өмір сүруі, лагерь шындығын қабылдауы, тұтқынның мінез-құлқындағы өзгерістер, құндылықтар жүйесінің трансформациясы, мәдениетаралық коммуникация және тұтқынның соғыстан кейінгі қоғамға қайта қосылуы зерттелді.

Тұтқынның лагерь социумы ретіндегі күнделікті өмірін мемуарлық деректер мен неміс ғалымдарының еңбектері негізінде зерттеп, салыстырмалы талдау жүргізу мақаланың алдына қойған мақсатындағы жаңалығы болып табылады.

Немістердің КСРО аумағындағы соғыс қимылдарына тікелей қатысуы, соғыстан кейін жеңілген Германияның екі мемлекетке бөлініп кетуі, «қырғи-қабақ» соғыстың басталуы сияқты тарихи факторлардың КСРО лагерьлеріндегі неміс тұтқындарының тұрмысы мен құқықтық жағдайына кері әсері мақаланың ғылыми нәтижелері барысында анықталды. Соғыс тұтқыны мәселесінің саяси астарының пайда болу себептері анықталды. Әскери тұтқындар санының статистикасы, просопографиялық бейнесі қалыптастырылды.

**Түйін сөздер:** Екінші дүниежүзілік соғыс, тұтқындар, тұтқын лагерлері, немістер, Германия, КСРО, репатриация.

R.S. Myrzabekova[1]*, D.M. Mahmadinov[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Kazakhstan
*e-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

## German prisoners of war in soviet camps during world war ii: political aspects and everyday reality

The purpose of this article is to illustrate the daily life, legal basis, characteristics, difficulties of detention, and adaptation of prisoners to camp life and the acceptance of Soviet doctrine using the example of German prisoners of war during World War II.

The article is written at the interdisciplinary intersection of history, law, and sociology. Thus, the methodological basis of the study is formed by methods from history, law, and sociology. Along with interdisciplinary approaches, retrospective, problem-analytical, chronological, biographical, discursive, prosopographical, and anthropological methods were used to explore the article's topic.

Drawing on memoirs of prisoners of war and the works of Western scholars, including German historians, this article examines the life of a prisoner, their perception of camp reality, behavioral changes, the transformation of their value system, intercultural communication, and the prisoner's reintegration into post-war society. The study's novelty lies in its exploration and comparative analysis of the daily life of a prisoner of war as a member of a camp society, based on memoirs and the works of German scholars.

The article's research findings reveal the negative impact of historical factors on the lives and legal status of German prisoners of war in Soviet camps, including the direct participation of Germans in military operations on Soviet territory, the division of defeated Germany into two states, and the onset

of the Cold War. The reasons for the emergence of a political context in the problems of prisoners of war are revealed. Quantitative statistics are determined, and a prosopographical profile of the prisoner of war is developed.
**Keywords:** World War II, prisoners of war, prisoner of war camp, Germans, Germany, USSR, repatriation.

Р.С. Мырзабекова[1*], Д.М. Махмадинов[2]

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, Астана, Казахстан
*e-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

**Немецкие военнопленные Второй мировой войны в советских лагерях: политический аспект и повседневная реальность**

Цель статьи – проанализировать факты о повседневной жизни, правовые основы, особенности, трудности содержания и адаптацию пленного к лагерной жизни и принятия советской доктрины немецкими военнопленными Второй мировой войны. Методология исследования. Исследование проведено на основе междисциплинарного подхода с использованием методов истории, права и социологии. Использованы ретроспективный, проблемно-аналитический, хронологический, биографический, дискурсивный, просопографический и антропологический методы. Материалами исследования являются: мемуарные источники военнопленных и труды немецких историков, которые отражают восприятие лагерной реальности, изменения в поведении, трансформацию системы ценностей, межкультурную коммуникацию и реинтеграцию пленного в послевоенное общество. Новизна исследования – анализ повседневной жизни военнопленного как социума лагерного общества. Научные результаты – оценка негативного влияние на лагерную жизнь и правовой статус немецких военнопленных в советских лагерях с учетом исторических факторов – непосредственное участие немцев в военных действиях на территории СССР, разделение побежденной Германии на два государства и начало холодной войны. Установление и подтверждение архивными материалами характеристики лагерного общества как социума. Определение количественных данных и составление просопографического образа военнопленного.
**Ключевые слова:** Вторая мировая война, военнопленные, лагерь военнопленных, немцы, Германия, СССР, репатриация.

## Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы өзекті тақырыптардың бірі – соғыс тұтқындарының мәселесі. Тақырыптың гуманистік маңыздылы мәселенің өзектілігін айқындайтын басты көрсеткіш. Тұтқын мәселесінің өзектілігі соғыстан кейін артты. ГФР мен ГДР-дағы соғыс тұтқындары мәселесі саяси маңызға ие ерекше мәселеге айналды. Бұл мәселеде екі Германия ынтымақтаса әрекет етті. ГДР 1955 жылдан бастап, соғыс тұтқындары мәселесі бойынша КСРО бастамаларын бірнеше рет абайлап тежеуге тырысқанымен, бұл мәселеде ойдағыдай нәтижелерге жете алмады. 1969 жылы Вилли Брандт Герман Федеративті Республикасының ресми ұстанымы бойынша соғысқа қатысты бірқатар мәселелерге, соның ішінде репатриация нәтижелері туралы саяси мақсатпен жүзеге асырылатын ақпаратқа шектеулер қоюды дұрыс деп есептеді. Баспасөз беттеріндегі ашық пікірлер астары саясиланған тұтқын мәселесін одан әрі шиеленістіреді деп қауіптенді (Карель, Беддекер, 2004). Соғыс тұтқындары мен тұтқын мәселесінің әртүрлі астарларын зерттеушілер, ГДР жетекшілігін КСРО ұстанымдарына нақты қарсылық көрсетпеді және кейіннен тұтқындарды босату нәтижелерін өз саясатының табысы ретінде көрсетуге тырысты деп кінәлады (Zwischen den Front des Kaltes Krieges, 1995; Reichelt, 2007).

Германияның екіге бөлінуіне орай, соғыс тұтқындары мәселесінің саяси астары жаңа сипатқа ие болды және тарихи зерттеулерде қарастырылмады. ГФР-да бұл мәселе тек Конрад Аденауэрдің Мәскеуге сапарымен байланыста ғана айтылды. И.Сталин өлгеннен кейін ғана Германияның Социалистік Біртұтас партиясы (СЕПГ) соғыс тұтқындары мәселесін көтеруге мүмкіндік алды. 1957 жылға дейін ГДР-ды айтпағанның өзінде, ГФР-дың ішкі және сыртқы саясатында соғыс тұтқындары мәселесін көтеру сирек кездесті.

1957 жылы Бундестагтың шешімі бойынша Гейдельберг университетінің тарихшысы және әлеуметтанушы Эрих Машке басшылығымен «Әскери тұтқындар тарихы бойынша ғылыми комиссия» құрылды. Комиссияның негізгі мақсаты – тұтқындалу процесінің әлеуметтік, психологиялық және тарихи салдарын анықтау еді.

Бұл комиссияның жұмысынан соғыс тұтқындарының туыстары және жалпы неміс қоғамы көп нәтижелер күтті. Ғылыми комиссия кең ауқымды тұжырымдар жасады, неміс әскерилерін тұтқындау мәселесінің көп қырлы астарларына егжей-тегжейлі, негізделген баға берді. Соған қарамастан, Германияның екі мемлекетінің жетекшілері комиссия жұмысына аз көңіл бөлді. Комиссия нәтижесі бойынша жарыққа шыққан құжаттар көпшілікке таратылмады, қоғамның басым бөлігіне қолжетімсіз болды. Зиялы қоғам өкілдерінің арасында ғылыми талқылау болмады. 22 томнан тұратын толық жинақ кейбір федералдық мекемелердің кітапханаларына ғана келіп түсті. Ұзақ уақыт бойы комиссия нәтижелері ресми түрде құпия материалдар деп саналды (Sinn und Aufgabe der Kriegsgefangenendokumentation, 1962).

**Әдістеме**

Мақалада көтерілген мәселенің сипаты пәнаралық әдістерді қолдануды қажет етеді. Деректер арқылы тарихи оқиғаларды қалпына келтіріп, себептері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін тарих ғылымының ретроспективті, типологиялық, мәселелік, хронологиялық әдістері мен принциптер жүйесі пайдаланылды. Тұтқындағы адамның әлеуметтік кеңістігіндегі субъективті тәжірибесі, мінез-құлқының, адами құндылықтарының өзгеруі биография әдісі арқылы көрсетілді. Бұл тәсіл тұтқындардың естеліктерін, күнделіктерін, мемуарларын талдауда қолданылды. Дискурстік талдау және тарихи герменевтика тәсілі де зерттеуде маңызды рөл атқарды. Просопографиялық, антропологиялық тәсілдер жеке тұлғаны (тұтқынды) тарихтың субъектісі ретінде алып, олардың күнделікті өмірін, мәдениетін, тәжірибесін және өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік берді.

Мемлекет саясатының жалпы тұжырымдамасындағы соғыс тұтқындарына қатысты мәселенің орнын нақтылайтын жүйелік тәсіл қолданылды. Ресми-құқықтық әдіс арқылы «соғыс тұтқындарын ұстау тәртібі», «соғыс тұтқындарын қажеттілігімен қамтамасыз ету» сияқты ұғымдардың сипаты анықталды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс әскери тұтқындарға қатысты халықаралық конвенциялардың нормалары мен кеңестік құқықтық актілердің нормаларын салыстыруға мүмкіндік берді.

Мақаланың *деректік базасы* Герман Федеративтік Республикасында, Ресей Федерациясында жарияланған деректер жинағы мен архив қорларының құжаттарынан тұрады. Герман Федеративтік Республикасында соғыс тұтқындарына қатысты жарияланған құжаттардың ішінде құндылығы жағынан Дортмунд университетінің Шығыс Европа институты жариялаған деректік құжаттар сериясы ерекше орында. Бұнда неміс соғыс тұтқындарын қабылдау және орналастыру мәселелері, неміс және кеңес органдарының қызметі мен қарым-қатынасы жан-жақты ашылған (Die Vertriebenen in der SBZ/DDR, 2003). Германияда жарық көрген келесі маңызды дерек – «Грюнфельд лагерінің қызметі туралы есеп». Бұл деректі Федералдық архивтің «Неміс қоныс аударушыларының Орталық кеңсесінің» қорларынан Франкфурт (Одер) тарихи қоғамы тауып, жариялауға дайындаған. Құжат лагерь қызметкерлерінің бірі жазған тікелей қатысушының куәгерлік мәлімдемесі (Rösch, 1998).

XXI ғасырдың басында Конрад Аденауэр қорының қолдауымен КСРО лагерлерінде болған неміс тұтқындары туралы деректер жинағы жарық көрді (Forschung und Quellen zur Zeitgeschichte, 2000; Borchard, 2000). 2010 жылы Ресей және Германия ғалымдарының бірлескен жұмысы нәтижесінде Кеңес Одағындағы неміс соғыс тұтқындары орналасқан лагерьлер тізімі жасалды. Бұл мәліметтер Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві (РГВИА) қорларынан алынды (Föderale Archivagentur der Russischen Föderation, 2010).

Мақалада пайдаланылған деректердің келесі тобына КСРО лагерлерінде отырған тұтқын немістердің естеліктері, мемуарлары, күнделіктері жатады. Жеке текті құжаттар соғыс тұтқындарының психологиясы, лагерь қызметкерлерімен қарым-қатынасы, тұтқын мен жергілікті халықтың байланысы туралы ақпарат береді (Mein Tagebuch, 1984). Соғыс тұтқындары өз естеліктерінде тікенекті сымның артындағы өмір сүру жағдайларын баяндайды, кеңестік зауыттардағы еңбек процесін сипаттайды (Golwitzer, 1956). Тұтқындар мен жергілікті халық арасындағы күрделі өзара әрекеттесудің сипатын ашады (Wolf Hans-Jofchim, 1996). Жеке текті құжаттар әскери тұтқынның басынан өткерген өмірін өз аузымен баяндауы арқылы құнды. Бұндай құжаттарда тұтқын өмірінің шынайы мазмұны өңдеусіз беріледі (Heyden, Waterstraat, Wer, 2002). Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарының неміс тілінде жазылған хаттарын жинақ ретінде шығару мемуарлық сипаттағы құжаттардың қатарын молайтты (Walter, 1969).

Деректердің келесі тобын қамтитын мемуарлық естеліктер соғыс жағдайы, тұтқынға түсу, репатриация туралы құнды ақпарат береді (Шрейдербауер, 2008; Фертен, 2009; Липпих, 2009; Борн, 2009). Соғыс тұтқындарының мемуарлық естеліктері тұтқындағы адамның тарихи оқиғаларды өз деңгейінде қабылдап, талдауына мүмкіндік берді. Олардың естеліктері тұтқындағы күнделікті өмірдің әрқилы аспектілерін ашты. Соның ішінде, отанына оралу барысында кездескен қиындықтар мен оларды шешу жолдары және әлеуметтік ортаға бейімделу барысы сөз болды (Wigmans, 1973; Einsiedel, 1985; Zapf, 1997; Krebs, 2014; Sasse, 2007).

Соғыс тұтқындарына қатысты мақалада пайдаланған келесі дерек, Ресей Федерациясында, Белоруссияда ХХ ғасырдың 90-шы жылдары мен ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында жарық көрген құжаттар жинағы (СССР и Германский вопрос, 1996; Военнопленные в СССР, 2000; Военнопленные. Kriegsgelangene, 2003). Архив құжаттарына келер болсақ, мақалада Талдықорған қаласындағы Жетісу облысының Мемлекеттік Архивінің қорынан Коммунистік Партияның соғыс тұтқындарымен жүргізген идеологиялық жұмыстары туралы материалдар (Государственный Архив области Жетысу. Ф. 529-П. Д. 11. Л. 160) және Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің 2006-2008 жылдары құпиясыздандырылған «Ерекше папкаларының» материалдары (Архив Президента Республики Казахстан (АП РК). Ф. 5Н. Оп. 1/1. Д. 1384. Л. 2.) пайдаланылды.

**Әдебиетке шолу**

Мәселенің тарихнамасы қазақстандық, кеңестік және шетелдік зерттеулерден қалыптасты. *Кеңестік* тарих ғылымында әскери тұтқындар тарихын зерттеу қырғи-қабақ соғыс жағдайында жүргізілді. Осы уақыт аралығында тарих ғылымы этноцентризмнің әсерімен дамыды, яғни, тарихты әр халық соғыс кезінде басынан кешкен трагедиясының ықпалымен жазды. Кеңес ғалымдары идеологиялық ұстаным рұқсат еткен – тұтқындарға медициналық көмек, антифашистік қозғалыс, Қызыл Крест тақырыптарының шеңберінде зерттеу жүргізді.

1940 жылдардың соңы мен 1950 жылдардың басындағы кеңес ғылымы, КСРО-ның шетелдік әскери тұтқындарға қатысты саясатының мазмұны гуманистік сипатта болғанын және неміс әскери тұтқындарын репатриациялау мәселесі, КСРО-ның халықаралық конвенциялар мен келісімдердің ережелерін қатаң сақтауының дәлелі болғаны туралы тезисті негіздеді. 1949 жылы әскери тұтқындар мен интернацияланғандар істері жөніндегі бас басқарма (ГУПВИ) Берлинде КСРО-ның шетелдік әскери тұтқындарға қатысты саясаты мазмұнының гуманистік сипатын дәлелдейтін мемуарлық сипаттағы құжаттар жинағын шығарды. КСРО лагерлерінде тұтқында болған неміс әскерилерінің күнделікті өмірін халықаралық гуманитарлық құқық нормаларына сәйкес деп көрсетіп, репатриацияны жеңімпаз елдің бұрынғы жауларына деген ізгі ниеті ретінде сипаттады (Kriegsgefangene in der Sowjetunion, 1948). Бұл мемуарлық естеліктер жинағы тек неміс тілінде ГДР-де жарық көрді, КСРО аумағында жарық көрмеген.

Кеңес мемлекетінің шетелдік тұтқындарға қатысты саясатының гуманистік сипатын негіздеген заңгер ғалым А.Амелин мен демограф Б.Урланис еңбектері (Амелин, 1954; Урланис, 1998). 1960 жылдар аралығында соғыс тұтқындары мәселесі бойынша кеңестік тарихнама идеологиялық және саяси себептерге орай екі тақырыпты зерттеді. Оның бірі антифашистік қозғалыс болса, екіншісі, КСРО-дағы соғыс тұтқындарына көрсетілген медициналық көмек тақырыптары еді (Бланк, 1969). 1970-1980 жылдары тұтқын және репатриация мәселелері бойынша жарық көрген зерттеулерде идеологиялық ұстаным өз жалғасын тапты (Ржевский & Иваницкий, 1978; Васильев, 1978; Мельничук, 1981).

1990 жылға дейін әскери тұтқындар мәселесі соғыс тарихының ең аз зерттелген мәселелерінің бірі болды. Соғыс тұтқыны мәселесі идеологиясыз ұстаным тұрғысынан қарқынды түрде 1990 жылдан бастап зерттеле бастады. Зерттеушілер бұрын құпия болған архив құжаттарына қол жеткізді және пікір алмасу мүмкіндігіне ие болды. Қайта құру және жариялылық саясатымен басталған КСРО-дағы жаһандық өзгерістер әскери тұтқындарды зерттеуде жаңа дәуірдің басталуын белгіледі. 1990 жылдардағы түбегейлі өзгерістер – КСРО-ның ыдырауы, Германияның бірігуі, бұрын құпия деп танылған құжаттарға қол жеткізуге мүмкіндік берген демократиялық реформалар – әскери тұтқындар тақырыбына зерттеушілердің қызығушылығын арттырды. КСРО-дағы шетелдік әскери тұтқындар мәселесінің әртүрлі аспектілерін жаңа ұстаным негізінде зерттеуге мүмкіндік пайда болды (Земское, 1990; Семиряга, 1995). 1990 жылдардағы зерт-

теушілердің көпшілігі «немістердің соңғы әскери тұтқындарының» тағдырына назар аударды. Аталмыш тақырыпты халықаралық дипломатиялық астарда зерттей бастады (Кампхаузен, 1999; Конасов, 1997). Әскерилерді тұтқындау мәселесі дипломатия, құқық және саясат аспектілерінің кешенінде гуманистік тұрғыдан қарастырылды (Конасов, 1996).

*Батыс тарихнамасы*. Германия зерттеушілері өздеріне қолжетімді деректерді талдауда айтарлықтай жетістіктерге жетті және соғыс тұтқындарының естеліктері мен ауызша тарихтың мүмкіндігін пайдаланды. КСРО-ның гуманистік құқықты бұзуы туралы тезисті алғаш рет 1953 жылы неміс ғалымы Г.Арицт негіздеді. Г.Арицт Кеңестер Одағының мерзімді басылымдарынан алынған ақпаратқа сүйене отырып, Шығыс майданда тұтқынға түскен неміс әскерлері мен офицерлерінің жалпы саны кемінде 1,2 миллион адам болған,-деген пікір білдіреді (Аритц, 1998). Кеңестік Ақпарат Бюросы мен Германия Бас Штабының бастығы Ф. Гальдердің «Соғыс күнделігіне» және Германияға оралған неміс тұтқындарымен сұхбаттарға сүйене отырып, репатриация нәтижелері бойынша қорытындылар жасалды (Böhme, 1966). 1970 жылдары Германияда тұтқын мәселесін зерттеуге қызығушылық арта бастады. 1978 жылы Германиядағы кеңестік әскери тұтқындар туралы еңбек жарық көрді (Streit, 1978).

1990 жылдардың соңындағы зерттеулер Кеңес Одағының әскери тұтқындарға қатысты саясатын сипаттай отырып, заңдылық пен тәртіптің сақталмағанын атап өтті (Bonwetsch, 1993; Goeken-Heide, 1998).

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін неміс соғыс тұтқындарының отанына оралу барысындағы қиындықтары туралы еңбектер жарық көрді. Кеңес Одағының тұтқын мәселесіне қатысты саясатына және неміс әскери тұтқындарын отанына қайтару мәселесіне қатысты сыни көзқарасты АҚШ тарихшысы А. Смит өз еңбектерінде ашық негіздеді. Кеңес Одағының неміс тұтқындарын 1948 жылдың 31 желтоқсанына дейін Отанына қайтаруға кемінде алты рет уәде бергенін А.Смит КСРО-ның кінәсі ретінде көрсетеді (Smith, 1985). А. Смит тағы бір еңбегінде КСРО лагерлерінде болған неміс тұтқындарының саны туралы деректерге күмән келтіре отырып, КСРО-ның одақтастары Англия мен АҚШ әскери биліктерін, жаппай тұтқындау кезеңінде неміс әскерилерінің жеке тізімін жасауды ұйымдастырмағаны үшін кінәлайды (Smith, 1992).

1980 жылдардағы неміс тарихнамасының өкілі А.Леманн Кеңес Одағының лагерлерінде болған тұтқындардың орналасу жерлерін анықтады, репатриацияны адам тағдарының өткені мен болашағын жалғастыратын көпір ретінде қарастырды (Lehmann, 1986).

Австриядағы «Людвиг Больцман атындағы соғыс салдарын зерттеу институтының» ғалымдары соғыс тұтқындары мәселесін зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Әсіресе, С. Карнердің еңбегі ерекше бағаланады (Karner, 1995). Автор тұтқындалуды адам өміріндегі ең драмалық сәттердің бірі ретінде қарастырады.

Неміс зерттеушілерінің арасында А.Хильгердің еңбегі назар аударарлық. А.Хильгер, соғыстан кейін тұтқындардың тағдырын шешкен тұлғалардың қызметін анықтау барысында Молотовтың рөлін көрсетеді (Hilger, 2000). Автордың неміс соғыс тұтқындарының репатриациясының кешіктірілу себептерін зерттеген еңбегі 2005 жылы жарыққа шықты (Hilger, 2005).

Неміс және Ресей мұрағаттарындағы дереккөздердің егжей-тегжейлі талдануы ерекше қызығушылық тудырады (Lang, 1981). Тұтқын мәселесінің саясилануы мен қырғи-қабақ соғыс мәселесі Германия архивтерінен алынған құжаттар негізінде зерттелді (Ihme-Tuchel, 1994).

Қазіргі уақытта Екінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындары мәселесі тарих ғылымының қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. (Gefangenschaft und Heimkehr sowjetischer und deutschen Soldaten, 2005). Әскери тұтқындарды отанына қайтару мәселесінің қиындығы мен тұтқындардың әлеуметтік ортаға бейімделуі зерттеліп отыр (Всеволодов, 2010; Ряжских, 2010).

XXI ғасырда соғыс тұтқындарына қатысты зерттеулердің бағыттары өзгере бастады. Тұтқындардың күнделікті өмірі, денсаулығы, травма алуы, өлім-жітім мәселесі, медициналық қызмет, өндірістегі еңбек көрсеткіштерінің тұрмыс жағдайына ықпалы, идеологиялық жұмыс сияқты мәселелер зерттеле бастады. Посткеңестік елдердің зерттеушілері де тың архив құжаттары шеңберінде соғыс тұтқыны мәселесінің жаңа қырларын аша бастады (Шарков, 2003; Власть и общество в условиях диктатуры, 2009). Зерттеушілер, 1949-1950 жылдар аралығында КСРО лагерлерінде тұтқында болған неміс әскери тұтқындарын соттау және бұрынғы әскери тұтқындардың ақталуы сияқты аспектілерге тоқталады. Қазақстан тарихнамасында Г.К.Кокебаева Екінші дүниежүзілік соғыс пен репатриация мәселелеріне зерттеулер жүргізді (Кокебаева, 2009).

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін соғыс тұтқындары қырғи қабақ соғыстың кепіліне айналды. Қырғи-қабақ соғыс аясында еріксіз босқын сатысына өткен, қоныс аударған адамдардың жағдайы мен осы мәселеге қатысты халықаралық процеске Ресей ғалымдары тарапынан кешенді талдау жүргізілді (Заложники холодной войны, 2024).

Сонымен, соңғы 15-20 жылда әскери тұтқындар мәселесінің көпқырлы астарлары зерттеу аймағына айналған. Мәселе жүйеленіп, әскери тұтқындарды ұстау және олардың қажеттілігін қамтамасыз ету, еңбек ресурстарына пайдалану, медициналық көмек көрсету, саяси жұмыстар жүргізу және басқа да жеке аспектілер зерттеу нысандарына айналды. Бұл мәселелер кешені КСРО-дағы соғыс тұтқындары мәселесін зерттеудің тың тақырыптарын қалыптастырды.

**Талқылау және нәтиже**

*Соғыс тұтқыны мәселесінің саясилануы.* 1946 жылдың наурыз айында Черчилль Фултондағы сөзінде қырғи қабақ соғыстың басталғанын жариялап, бұрынғы одақтастар арасындағы қарым-қатынасқа, сондай-ақ жеңілген Германияның әскери тұтқындарына қатысты мәселеге түбегейлі өзгеріс әкелді. Енді тұтқын мәселесінің мазмұны саяси сипатқа ие болды (Черчиль, 2018).

Халықаралық Конвенция бойынша әскери тұтқындарды ұстаудың негізгі мақсаты –соғыс қимылдарына жау әскерлерінің одан әрі араласуына жол бермеу болып табылады. Яғни, соғыс қимылдары тоқтатылғаннан кейін, жауласушы екі тарап, тұтқындалған әскерилердің тағдырын тез арада шешуі қажет еді. КСРО екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарын 1956 жылға дейін ұстады. Бұл кезде соғыстың аяқталғанына 11 жыл уақыт өткен.

1950 жылы әскери тұтқындар мәселесіне қатысты Батыс Германияда жүргізілген сауалнама бойынша респонденттердің 40 пайызы әскери тұтқындар мәселесінің өздеріне тікелей қатысы бар екенін айтқан. 1950 жылы КСРО лагерлерінде отырған немістердің саны шамамен 3 млн жуық адам болды (Föderale Archivagentur der Russischen Föderation, 2010). Осы фактор ГДР мен ГФР мемлекеттерінің үкіметі үшін соғыс тұтқындарын елге қайтарудан асқан өзекті мәселе болмағанын анық көрсетті.

КСРО лагерьлерінде тұтқында отырған әскерилердің тағдыры бір қарағанда Лондон, Париж және Вашингтон сыртқы істер министрліктері үшін өте маңызды болып көрінді. Жеңіске жеткен одақтас державалар, әскери тұтқын мәселесі күн тәртібінде басымдылыққа ие деп жариялады. Іс жүзінде одақтас державалардың дипломаттары мен саясаткерлері әскери тұтқындар мәселесіне келгенде ұзақ уақыт бойы үнсіздік сақтады. Бұрынғы одақтастар арасындағы қырғи-қабақ соғыс, әскери тұтқындар мәселесін адам тағдырынан саяси мәселеге айналдырды. Соғыс біткеніне он жыл өтсе де КСРО лагерлерінде отырған мыңдаған тұтқын үшін бұл мәселе шешілмейтін трагедия болды. Мемлекет тарапынан қорғаусыз қалған соғыс тұтқындарының жағдайы барлық гуманистік сипатынан айырылды. Соғыс тұтқындарының туыстарына, Қызыл Крест сияқты халықаралық гуманитарлық ұйымдарға соғыс тұтқындарының саны, олардың жасы, кәсібі, шені туралы ақпарат алу өте қиын болды.

Кеңес Одағының соғыс аяқталғаннан кейін де мыңдаған әскери тұтқындарды ұстау себептерін талдаған неміс зерттеушілері КСРО-ның тұтқындарға қатысты саясатының ерекшеліктерін түсінуге тырысты. Әскери тұтқындардың кәсіби біліктілігін, әскери шендерін де талдады. Неміс тарихшыларының зерттеуі бойынша, соғыс барысында және соғыс аяқталған жылдары Кеңес Одағында шоғырланған әскери тұтқындардың жас шамасы 25 жастан 40 жасқа дейін болған. Зерттеу нәтижесі бойынша 1954 жылы 50 және одан жасы үлкен соғыс тұтқындарының саны орташа көрсеткіштен жоғары болып кеткен. Яғни, 1950 жылға дейін Кеңес Одағы негізінен 50 жасқа дейінгі тұтқындарды босатқан. 1954 жылы КСРО лагерлерінде отырған тұтқындардың арасында өнеркәсіп, қолөнер және ауылшаруашылық мамандарының үлесі 42 пайызды құраса, 65 пайызы қатардағы жауынгерлер мен сержанттар болғаны талдау барысында анықталған (Sowjetunion 1949-1955 Kriegsgefangene, 1995).

КСРО соғыс тұтқындарын ұстаудың ұзаққа созылуын жұмыс күшінің жетіспеушілігімен, қираған құрылыстарды қайта қалпына келтіру үшін жұмыс қолының қажеттілігімен түсіндірді. Халықаралық ұйымдарға соғыс тұтқындарын жеңілген елдің төлейтін репарациясының бір түрі ретінде көрсетті. Неміс ғалымдары зерттеу қорытындылары арқылы бұл пікірге күмән тудырып, КСРО-ның неміс соғыс тұтқындарын ұзақ ұстауының негізгі себебі, жұмыс күшінің қажеттілігі емес, саяси себеп, яғни, қырғи-қабақ соғыстың тұтқындарға тигізген кері әсері деп

дәлелдеді. Бұл адамгершілік ұстанымдарына сай емес еді.

*Соғыс тұтқындары лагерлеріндегі еңбек түрлері мен тұрмыс жағдайлары.* Сталин Тегеран конференциясында соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарына шамамен 4 миллион әскери тұтқындарды тарту жоспарын айтты. Ұлыбритания да немістердің соғыс тұтқындарын Германиядан репарация алу мақсатында пайдалану қажеттілігін атап көрсетті (Советский Союз... Сборник документов, 1978). Территориясы қирамаған және адам шығыны салыстырмалы түрде аз болған АҚШ үшін бұл мәселе айтарлықтай маңызға ие болмады.

Кеңес Одағындағы әскери тұтқындардың тұрмыс жағдайлары лагерь ерекшелігіне байланысты болды. Лагерь әкімшілігі мен саяси бөлім, билік құралдары арқылы тұтқындардың өміріне тікелей әсер ете алды. Лагерде атқаратын жұмыстың түрі мен ауыртпалық деңгейі, қарқындылығы, тамақтың сапасы, күзетшілердің мінезқұлқы тұтқынның өмір сүру сапасына тікелей әсер етті. Бұл көрсеткіштер 1947 жылға дейін нашар деңгейде болды. Азық-түліктің жеткіліксіздігі, гигиеналық жағдайдың болмауы тұтқынның физикалық жағдайының нашарлауына және кейбір жағдайларда эпидемияға алып келді.

1949-1950 жылдары Батыс елдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында КСРО-ның тұтқындарға қатысты саясатын айыптайтын жарияланымдардың көбеюі арқасында тұтқындарға деген қарым-қатынас біршама жақсарды. КСРО тұтқындарға қатысты Кеңес Одағының пенитенциарлық жүйесінің прогрессивті және гуманистік сипатын көрсеткісі келді. КСРО билігі лагердегі өлім-жітім деңгейін азайту үшін шаралар қабылдай бастады. Дегенмен, тұтқын жағдайын тез арада түзету мүмкіндігі шектеулі еді. Себебі, соғыстан кейін КСРО-да азық-түліктің жетіспеушілігі орын алды. КСРО лагерлерінде отырған соғыс тұтқындарына азық-түлік жетіспеушілігі көп қиындықтар әкелді. Тұтқын күнделіктерінде бұл қиындық эмоционалды түрде көрініс алған: «Лагердегі өміріміз «тамаққа» байланысты деп сипаттауға болады, егер оны «тамақ» деп атауға болатын болса... Біз ашыққандықтан, бір мезгіл тамақтан екіншісіне дейін өмір сүреміз, бірақ ешқашан қанағат сезіміне жете алмаймыз. Бүгін таңертең біз пияз қосылған су іштік. Шахтаға түсетін жолдастарымыздың көрінісі күн сайын нашарлап барады. Мұндай тамақпен жұмыс істеу мүмкін емес. Ауру адамдардың саны күн сайын артып келеді, және жұмысқа шыға алмайтындардың саны да ұлғаюда. 11 сәуір 1945 жыл, сәрсенбі. Кешеден бері тамақ ретінде аршылмаған және езілген картоптан тұратын тамақ берілді. Бұл тағам пияз қосылған сумен салыстырғанда тойымды» (Mein Tagebuch, 1984). Кейбір жағдайларда, халыққа берілетін азық-түлік көлемі тұтқындарға берілетін азық-түлік көлемінен сәл ғана артық еді. Сондықтан, тұтқындар арасындағы шығынды азайтудың басқа жолдары қарастырылды. Әлсіреген тұтқындар оңалту лагерлеріне жіберілді, ол жерде мәжбүрлі жұмыстан босатылды, қарапайым медициналық көмек көрсетілді. Жұмысқа жарамды тұтқындар еңбек нормаларын орындаған жағдайда аздаған еңбекақы алды. Бұл тұтқындарға қосымша азықтүлік сатып алуға мүмкіндік берді.

Почта қызметі де жақсартылды, кейбір тұтқындарға туыстарынан азық-түлік пакеттері келді. Туған-туыстарынан келген хаттар тұтқындарға болашаққа деген үміт сыйлады. Осы шаралардың нәтижесінде 1949 жылға қарай тұтқындардың денсаулығы айтарлықтай жақсарды. Тұтқындар арасында дистрофия азайды. Күзетшілер тарапынан тұтқындарға қатыгездікпен қарау 1950 жылдан кейін айтарлықтай азайғанын, лагерь қызметкерлерінің қарым-қатынасы жақсарғанын бұрынғы тұтқындар өз естеліктерінде көрсетеді (Einsiedel, 1985).

Лагерьдің күнделікті өмірінде еңбек міндеттері ерекше рөл атқарды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары тұтқындардың географ, топограф, қару-жарақ инженерлері сияқты кәсіби біліктілігі әскери мақсаттарда пайдаланылды. Тұтқындардың арасындағы мықты неміс мамандарын торпедалар, ұшақтар сапасын жетілдіруге, басқа да әскери құрылғылар әзірлеуге, соғыс операцияларын жүргізу әдіснамасын жетілдіру жобаларына тартты. Лагердің қатал өмірін жеңілдету үмітімен тұтқындар мәжбүрлі немесе ерікті түрде кеңес үкіметімен ынтымақтастық жасады. Жоғары кәсіби біліктілігі жоқ тұтқындардың басым көпшілігі айтарлықтай физикалық күш-жігерді қажет ететін құрылыс, тау-кен жұмыстарына, ағаш кесуге, карьер қазуға пайдаланылды. Жұмыстың ауырлық деңгейін тұтқын күнделіктері арқылы бағалауға болады: «24 қараша. Соңғы 24 сағат ішінде тағы екі тұтқын қайтыс болды. Олардың бірі өкпе абсцессімен ауырды. 10 қаңтар, бейсенбі. Біз таңғы сағат 4 пен 5 аралығында оянамыз. Содан кейін 700 грамм нан үшін күрес басталады. Бұл нан таңғы ас ретінде беріледі. Күзет бекетінің алдында тағы бір жағдай орын алды. Біз он рет тексеру-

ден өтеміз, сондықтан суық желдің өтінде ұзақ уақыт тұруға мәжбүр боламыз. Сағат 7:30 шамасы, әлі де қараңғы. Шахта мұнаралары алыстан көрінеді. Шахтаға кірген сәт түрмеге кіргендей әсер қалдырады. Бұл сезім біздің нақты өмірлік жағдайымызбен сәйкес келеді, себебі бұл жерде бізді тек ауыртпалық пен азап күтіп тұр» (Mein Tagebuch, 1984).

Жұмыстан бас тарту өте сирек кездесетін, себебі мұндай әрекеттер қатаң жазаланды және тұтқынды жағдайы әлдеқайда қатал түзету лагеріне ауыстырды. Мәжбүрлі еңбек тұтқынға аштықты, уайымды, жақындарына деген сағынышты және болашаққа деген белгісіздікті жеңілдетуге көмектесті. Лагерь аумағынан тыс жерде жұмыс істеу тұтқындардың бейбіт тұрғындармен араласуының жалғыз мүмкіндігі болды. Бұндай кездейсоқ байланыстар тұтқынның бейбіт тұрғындарға қатысты оң көзқарасының қалыптасуына ықпал етті: «Бүгін жолдастарым шахтаға түсуге дайындалып жатыр. Олар жыртық күртешелер мен болат дулығаларды киеді. Олардың арасында орыс жұмысшылары да бар. Киімдері біздікіне ұқсас, бірақ физикалық тұрғыдан олар мықты көрінеді. Көпшілігінің сыртқы келбеті үйлесімді, ал кейбіреулерінің моңғолдық бет-бейнесі айқын байқалады. Жұмысшылар арасында белгілі бір достық қарым-қатынас байқалады, алайда бізге де және оларға да өзара байланыс орнатуға тыйым салынған» (Mein Tagebuch, 1984). Тұтқыннан оралған көптеген әскерилердің естеліктерінде орыс халқына деген ашық менмендік те көрініс алып отырған.

Аз болса да жалақыға жұмыс істеу тұтқынға азық-түлік жағдайын сәл жақсартуға мүмкіндік берді. Тұтқынның тапқан ақшасына қосымша тамақ сатып алу мүмкіндігі пайда болды.

Арнайы білімі немесе дағдылары арқасында қарапайым өмір сүру деңгейін қамтамасыз еткен немесе лагерь қызметкерлерінің оң қарым-қатынасына ие боған тұтқындар болды. Лагерь әкімшілігінің көзіне ерекше қызметі арқылы түскен және осы әрекеті арқылы қалаулы қызметке ие болған тұтқындар ас үй жұмыстарына орналасты. Дәрігерлер, шаштараздар және әскери салада арнайы білімі бар тұтқындар лагерь әкімшілігі тарапынан артықшылыққа ие болды. Антифашистік ұстанымымен ерекшеленген адамдар да бригада командирі лауазымына ие бола алатын. Екінші жағынан, арнайы кәсіби дағдылары немесе білімі жоқ, туыстарынан қосымша азық-түлік көмегін алмайтын және лагерь тәртібіне толық бағынбайтын әскери тұтқындар да кездесті. Аталған санаттағы тұтқындар бригада командирлері мен лагерь әкімшілігі тарапынан жүйелі түрде қысым мен кемсітушілікке ұшырады.

Лагерь жағдайындағы мәдени және өзге де демалыс шаралары белгілі бір дәрежеде тұтқындардың күнделікті өміріндегі психологиялық ауыртпалықты жеңілдетуге ықпал етті. Алайда «демалыс» ұғымын шартты түрде қарастырған жөн. Демалыс шаралары лагерьдегі күнделікті өмірдің шектеулі уақыт аралығында және қатаң бақылау жағдайында жүзеге асырылды. Лагерь әкімшілігі мәдени іс-шаралардың мазмұнын цензурадан өткізді.

Лагердегі мәдени өмірдің негізгі екі формасын бөліп көрсетуге болады. Біріншісі, әскери тұтқындардың өз бастамасымен ұйымдастырылатын стихиялық мәдени шаралар. Бұған спорттық іс-шараларды өткізу жатты. Лагерь басшылығы мен уәкілетті органдар ұйымдастырған шаралар анағұрлым басым рөл атқарды. Іс-шаралардың саяси бағыттылығы айқын байқалды. Бұл факторды архив құжаттарынан көре аламыз: «Партия тарихына қатысты саяси мектеп пен 3 үйірме ұйымдастырылды. Үйірмеге 143 тұтқын тартылды. Олардың 22-сі большевиктік теорияны өз бетінше оқып үйреніп жүр» (Государственный Архив области Жетысу. Ф. 529-П. Д. 11. Л. 160.). Идеологиялық мазмұндағы дәрістер тұтқындардың басым бөлігіне елеулі ықпал ете алмады. Көптеген әскери тұтқындар ашық сипаттағы саяси насихатқа қарсы көзқараста болды.

КСРО лагерлерінің сипаты Батыс елдеріндегі соғыс тұтқындары лагерлерінде болған мүмкіндіктермен салыстыруға келмеді. Тұтқындар лагерьде тек тамақ жағынан қысымшылық көрген жоқ, рухани жағынан да қысым көрді. (Borchard, 2000). Тұтқындар интеллектуалдық аштықты физикалық аштықтан кем сезінбегенін атап өтеді: «4 сәуір, сәрсенбі. Әр күн мағынасыз болып көрінеді. Әскери тексерістен басқа ешқандай интеллектуалды ынталандыру жоқ» (Mein Tagebuch, 1984).

К.Аденауер Мәскеуге барғанан кейін соғыс тұтқындарына, әсіресе, «соғыс қылмыскерлері» ретінде сотталған әскерилерге қатысты рақымшылық жариялануы мүмкін,- деген хабарламалар лагерлер арасында жедел таралып, тұтқындардың үмітін оятты. Тұтқын күнделіктеріне қарасақ, 1955 жылы Кеңес Одағы мен Батыс Германия арасында халықаралық футбол матчының өтуі және радио арқылы тікелей трансляциялануы тұтқындар арасында айрықша

эмоционалды реакция туғызған ақпарат болған (Kriegsgelangene in der Sowjetunion, 1948). Екі ел арасындағы спорттық-мәдени шаралар репатриация мәселесінің шешілуін жылдамдатар деген сенім тудырды. Алайда неміс тұтқындарының отандарына қайту мәселесіне әлі де шектеу қойылған еді. Мәдени-спорттық байланыстарды дамыту, әскери тұтқындар мәселесін шешудің саяси астарын жұмсарта алмады.

Тұтқындардың туыстары әскери тұтқындар туралы, лагерлер туралы ақпаратты тек ресми дереккөздерден алды. Ақпарат жетіспеушілігінің орнын толтыру үшін билік органдары, іздеу қызметтері, қайырымдылық ұйымдары және туыстары тұтқыннан оралғандардан сұхбат алды. Тұтқыннан оралған әскерилерден алынған сұхбаттың мақсаты тұтқын лагерлеріндегі күнделікті өмір сапасын анықтау емес, көбінесе тұтқындардың тізімін анықтау мақсатын көздеді. Бұл әсіресе туыстарымен байланысын үзген немесе соғыс қылмыстары үшін сотталған, ұзақ жылдар бойы ақпарат беруге тыйым салынған әскери тұтқындар туралы мәліметтерді алу мақсатында жүргізілді. 1949 жылдың желтоқсанына дейін Қызыл Крест халықаралық гуманитарлық ұйымының іздеу қызметі шамамен 250 000 әскери тұтқыннан сұхбат алды. Сұхбат лагерьде адаммен көп араласу мүмкіндігі болған лагерь дәрігерлері, медицина қызметкерлері және басқа да ақпаратты көп біледі деген бұрынғы тұтқындар арасында жүргізілді. Осындай әрекеттер арқылы тұтқындардың орналасқан жері анықталды (Borchard, 2000).

